

“Қазақстан Республикасы жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі
кәсіпорындарының қауымдастығы”
Заңды Тұлғалар Бірлестігінің
Жалпы Жиналысының шешімімен
Бекітілген
Хаттама №4 “01” маусым 2002 ж.

**“Қазақстан Республикасы жиһаз
және ағаш өңдеу өнеркәсібі
кәсіпорындарының қауымдастығы”
Заңды Тұлғалар Бірлестігінің
Ж А Р Ы С Ы**

Алматы қаласы, 2002 жыл

Осы Жарғы 1994 жылғы 27-желтоқсанда қабылданған және 1995 жылғы 1-наурызда күшіне енген Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексіне, 2001 жылғы 16-қантардағы №142-ІІ “Коммерциялық емес ұйымдар туралы” Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік актілеріне сәйкес талдап жасалған және ол бұдан әрі Қауымдастық деп аталатын “Қазақстан Республикасы жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының қауымдастығы” Заңды Тұлғалар Бірлестігінің құрылуының және қызмет етуінің құқықтық, ұйымдық негіздерін белгілейді.

1-Бөлім. Жалпы ережелер

1-бап. Қауымдастықтың айқындамасы және құқықтық мәртебесі

1. Қауымдастық кез келген меншік пішіміндегі, өз мүшелерінің ортақ мүліктік және басқа да мүддесін білдіру және қорғау, қызметін үйлестіру мақсатында құрылған Қазақстан Республикасының жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының ерікті бірлестігі болып саналады.
2. Қауымдастық Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды ұйым болып саналады, оқшау дүние-мүлікке ие, өзінің дербес балансы болады, өз атынан келісім-шарттар жасасып, мүліктік және беймүліктік құқықтар иеленіп, мойнына міндеттеме алады, сотта қуынушы не жауап беруші бола алады.
3. Қауымдастық бейкоммерциялық ұйым - заңды ұйымдардың бірлестігі болып саналады және өзі тапқан бүкіл табысты осы Жарғыда белгіленген мақсаттарға сәйкес өзінің дамуына және өз міндеттерін шешуге жұмсайды.
4. Қауымдастық өз меншігінде қызметін материалдық тұрғыдан қамтамасыз етуге қажет нысандарға, дүние-мүлікке, сондай-ақ өз қаражаты есебінен құрылатын ұйымдарға иелік ете алады.
5. Қауымдастық басқа заңды ұйымдар құруға, филиалдары мен өкілдіктерін (соның ішінде шетелде) ашуға, қауымдастықтарға, одақтарға кіруге, сондай-ақ олардың қызметіне қатысуға құқылы.
6. Қауымдастық өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және осы Жарғыны басшылыққа алады.

2-бап. Қауымдастықтың фирмалық атауы

1. Қауымдастықтың фирмалық атауы:
 - мемлекеттік тілде: толықтай - “Қазақстан Республикасы жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының қауымдастығы” Заңды Тұлғалар Бірлестігі, қысқартылғанда “ҚР ЖАӨКҚ” ЗТБ;
 - орыс тілінде: толықтай - Объединение Юридических Лиц “Ассоциация предприятий мебельной и деревообрабатывающей промышленности Республики Казахстан”, қысқартылғанда - ОЮЛ “АПМДП РК”.

3-бап. Қауымдастықтың және оның мүшелерінің жауапкершілігі

1. Қауымдастық өз міндеттемелері үшін өзіне тиесілі бүкіл дүние-мүлкімен жауап береді.
2. Қауымдастық өз мүшелерінің міндеттемелері үшін жауап бермейді.
3. Өз қаражаты жетпей қалған жағдайда Қауымдастықтың Мүшелері мен Құрылтайшылары оның міндеттемелері үшін Қауымдастықтың Жалпы Жиналысы белгілеген мөлшерде және тәртіпте бірлесе жауап береді.

4-бап. Қауымдастық пен мемлекеттің өзара қарым-қатынасы

1. Қауымдастық мемлекеттің міндеттемелері үшін жауап бермейді, ал мемлекет Қауымдастықтың міндеттемелері үшін жауап бермейді, Қауымдастық не мемлекет өз мойындарына осындай жауапкершілік алғаннан басқа уақытта.
2. Қауымдастық Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін шешімдерді тәуелсіз түрде қабылдап, жүзеге асырады.

5-бап. Қауымдастықтың реквизиттері

1. Қауымдастық дербес балансқа, Қазақстан Республикасы мен өзге мемлекеттер банктерінде күнделікті және басқа да есепшоттарға, бір не одан да көп жұмыс тілдерінде фирмалық атауы жазылған өз мөріне, тауарлық белгіге (қызмет көрсету белгісіне), қызметіне қажет бланктерге, мөртабандарға және өзге де реквизиттерге ие.

6-бап. Қауымдастықтағы жұмыс тілдері

1. Қауымдастықтағы жұмыс тілдері қазақ, орыс тілдері болып саналады.

2. Қауымдастықтың бүкіл құжаты ондағы жұмыс тілдерінің біреуінде жасалады. Құжат тілін таңдау құжаттың мазмұны оны пайдаланушыға кедергісіз жеткізілетіндей түрде жүргізіледі.

7-бап. Қауымдастықтың қызмет мерзімі

1. Қауымдастықтың қызмет мерзімі шектеусіз.

8-бап. Қауымдастықтың мекен-жайы

1. Қауымдастықтың мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 480100, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 1, 513-офис.

2. Қауымдастық өз қызметін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүргізеді.

II-Бөлім.

Қауымдастық қызметінің мақсаты, нысаны және принциптері

9-бап. Қауымдастықтың мақсаты

1. Қауымдастық мына мақсатта құрылады:

Қазақстанның жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын, мүдделес - кәсіпорындарын (ұйымдарды), қоғамдық бірлестіктерді, қорларды және басқа да кәсіпорындарын ұйымдарының, Қазақстанда жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібін дамытуда қолайлы жағдай туғызу.

2. Қауымдастық өз мүшелері тарапынан бәсекелестікті шектеу мақсатында пайдаланыла алмайды.

10-бап. Қауымдастық қызметінің нысаны

1. Қауымдастық қызметінің нысаны мыналар:

- мемлекеттік және басқа да ұйымдарда Қауымдастық мүшелерінің мүддесі атынан уәкілдік ету;
- сала кәсіпорындарының құқы мен мүддесін қорғау;
- өнеркәсіптік кәсіпорындарға қатысты қалалық салық саясатын реттеу, жылу және электр қуатына тарифтік түзілімдер жүйесін реттеу мәселелері және басқа да мәселелер бойынша жергілікті билік орындарымен қоян-қолтық әрекет жасау ісін ұйымдастыру;
- сала кәсіпорындарының жергілікті және республикалық деңгейде экономикалық, қаржылық, салықтық тұрғыдан жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасау және Қауымдастық мүшелерінің салық төлеушілер ретіндегі мүддесін қорғау;
- жиһаз өнімдерінің сапасына бақылау жасайтын мемлекеттік сауда инспекциясы органдарымен өзара әрекет ету;
- Қауымдастық мүшелері - кәсіпорындардың өнімдеріне тапсырыс берушілер іздеу;
- Қауымдастық мүшелері арасында ынтымақтастықты дамыту;
- жиһаз және ағаш өңдеу кәсіпорындары инфрақұрылымын жасақтау мақсатында сала кәсіпорындары арасындағы технологиялық және өндірістік операциялық байланыстарды қалпына келтіріп, дамыту;
- бизнесті тиімді жүргізудің тәжірибесін және ақпарат тарату, семинарлар және басқа да шаралар ұйымдастыру;
- Қауымдастық мүшелеріне кредит алу және инвестиция тарту мақсатында бизнес-жоспар жасауға көмектесу;
- жиһаз өнімдері көрмелерін және сала кәсіпорындарының ағаш өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің көрмелерін ұйымдастыру;
- Қауымдастық мүшелеріне ақыл-кеңес беру қызметін ұйымдастыру.

11-бап. Қауымдастық қызметінің принциптері

1. Қауымдастыққа мүше болу оның мүшелеріне қызмет кезінде қандай да бір шектеу жасамайды.

2. Қауымдастық өз қызметінде мына принциптерді басшылыққа алады:

- мүшеліктің еріктілігі;
- Қауымдастықтан еркін түрде шығу;
- Қауымдастықтың мүшелерінің неғұрлым көп бөлігінің мүддесін ескере отырып шешім қабылдаудағы ымырашылдық, бұл орайда Қауымдастық өз мүшелерінің қайсысына болсын келуі ықтимал залалды барынша азайту позициясын негізге алады;
- Қауымдастық мүшелерінің қызметіне араласпау;
- Қауымдастықтың Жалпы Жиналысы мен Кеңесінің шешімдері әлгіндей шешімдер қолданыстағы заңнама және осы Жарғы нормаларына қайшы келмеуі жағдайында бүкіл мүшелерге бірдей міндетті.

III-Бөлім. Қауымдастыққа мүше болу

13-бап. Қауымдастық мүшелігі және мүшелікке қабылдау

1. Қауымдастық Құрылтайшылары заңды ұйымдар - Қазақстан Республикасының жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары болып саналады. Қауымдастық мемлекеттік тіркеуден өткен соң Қауымдастық құрылтайшылары оның мүшелері болады.

2. Қауымдастық мүшелерінің келісімімен оған Қауымдастықтың жаңа мүшесі ене алады. Қауымдастық мүшесі осы Жарғыны мойындайтын және Қауымдастықтың басқарушы органдарының шешімдерін орындайтын, қызметі осы Жарғыда белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келетін жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібіндегі кез келген кәсіпорын, кез келген коммерциялық емес және коммерциялық ұйым бола алады.

3. Қауымдастыққа мүшелікке Қауымдастықтың Кеңесі уәкілетті адамның жазбаша арызы, "Қауымдастыққа мүшелік туралы және кіру, мүшелік жарналарды төлеу тәртібі туралы ережеге" сәйкес кіру жарнасын төлеу және кіру жөніндегі келісім-шарт негізінде жүргізеді.

4. Қауымдастыққа мүше болу Қауымдастық мүшесінің куәлігін беру арқылы қатталады.

5. Қауымдастық мүшесі шығу жөнінде арыз беріп, кез келген күннен кейін бір айдан соң өз ықтиярымен Қауымдастықтан шығуға құқылы.

14-бап. Мүшелік жарналар

1. Қауымдастықтың барлық мүшесі кіру және мүшелік жарна төлеуі тиіс.

2. Мүшелік жарналардың мөлшері жыл сайын Қауымдастық Кеңесінің тиісті қаржылық жылға арналған шешімі негізінде белгіленеді. Жаңадан келген Қауымдастық мүшелерінің кіру жарнасының мөлшерін Қауымдастық Кеңесі Қауымдастыққа кәсіпорынды (ұйымды) мүше ету жөнінде шешім қабылдау барысында белгілейді.

3. Қауымдастықтан шыққан немесе шығарылған жағдайда төленген кіру және мүшелік жарна қайтарылмайды.

15-бап. Қауымдастық мүшесінің құқы

1. Қауымдастық мүшесі мынаған құқылы:

- Жарғыға сәйкес Қауымдастық жұмысына қатысуға;
- Қауымдастық көрсететін қызметке бірінші кезекте ие болып, оған артықшылықты негізде тапсырыс беруге;
- Қауымдастықтың басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға;
- қолданыстағы заңнамаға және Қауымдастықтың құрылтай құжаттарына сәйкес Қауымдастықтың басқа мүшелерінің өз міндеттемелерін тиісті түрде орындауын талап етуге;
- өзге коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарға қатысуға;
- Қауымдастық қызметі жөнінде ақпарат алуға;
- мәліметтердің құпиялылығын белгілеп отыруға;
- Қауымдастықтың Кеңесі мен Жалпы Жиналысының қарауына кез келген ұсыныс-пікір беруге;
- Қауымдастыққа көмек сұрап жүгінуге, сондай-ақ оның Дирекциясының және басқа бөлімшелерінің қызметін пайдалануға;
- Қауымдастық Жарғысында белгіленген тәртіп бойынша Қауымдастықтан еркін түрде шығуға.

16-бап. Қауымдастық мүшесінің міндеттері

1. Қауымдастық мүшесі мынаған міндетті:

- осы Жарғының және қолданыстағы заңнаманың ережелерін сақтауға;
- Қауымдастықтың басшы органдарының шешімдерін орындауға;
- кіру және мүшелік жарналарды төлеуге;
- Қауымдастыққа жан-жақты көмек көрсетіп, қолдау жасап отыруға.

17-бап. Қауымдастыққа мүшелікті кідірту тәртібі

1. Қауымдастыққа мүшелік мына төмендегі негіздердің біреуі бойынша Қауымдастық Кеңесінің шешімімен кідіргіле алады:

- Екі төлем мерзімі бойында мүшелік жарналар төленбесе;
- Қауымдастық мүшесі Қауымдастықтың құрылтай құжаттарындағы ережелерді бұзған жағдайда.

2. Қауымдастық мүшелері қарызын төлеген немесе Қауымдастыққа мүшелікті кідіртуге негіз болған себептерді түзеткен жағдайда Қауымдастық құрамына қайтадан кіруге құқылы, бұл орайда кіру және мүшелік жарналар қайтадан төленеді.

18-бап. Қауымдастықтан шығарудың құқықтық негіздері, салдарлары және процедурасы

1. Қауымдастық мүшесі одан Қауымдастықтың Жалпы Жиналысының немесе мына төмендегі кез келген негіздер бойынша Қауымдастық Кеңесінің шешімімен шығарылады:

- 12 ай бойына мүшелік жарна төлемесе;

- Қауымдастықтың беделіне залал келтірген немесе соған әкеп соқтырған қолданыстағы заңнама нормаларын дөрекі түрде бұзу орын алса;

- осы Жарғы нормаларын орындамаса, басшы органдардың шешімдерін орындаудан бас тартса, Қауымдастық органдарының шешімдерін орындау кезінде оған көмек көрсетуден бас тартса, не болмаса Қауымдастық мүшелеріне әдепсіздік танытса.

2. Қауымдастық мүшесін шығару туралы шешім оған жазбаша түрде ұсынылуы керек. Кеңестің Қауымдастықтан шығару туралы шешімі Қауымдастық Жалпы Жиналысында шағымдала алынады. Қауымдастықтың Жалпы Жиналысында қарау мақсатында шағым жасау Қауымдастық Дирекциясына жазбаша түрде Қауымдастық мүшесі әлгіндей шешімді алғаннан кейін 10 күн ішінде берілуі тиіс, Қауымдастық мүшесі Қауымдастықтың мүшесі ретіндегі бүкіл құқы мен міндеттерін және Қауымдастық Жалпы Жиналысы өткізілетін күнге дейін Кеңестегі өкілдігін сақтап қалады.

3. Қауымдастықтан өз еркімен шыққан не болмаса шығарылған жағдайда Қауымдастық мүшесі оның өзі Қауымдастықтан шыққанға дейін туындаған міндеттемелері үшін өзі салған жарнаға теңбе-тең түрде шыққан сөттен бастап екі жыл бойына бірлесе жауап береді.

IV-Бөлім.

Қауымдастықтың органдары мен қызметкерлер құрамы

19-бап. Қауымдастықтың органдары

1. Қауымдастықтың органдары мыналар:

Жоғары орган - Қауымдастықтың Жалпы Жиналысы;

Атқару органы - Қауымдастық кеңесі;

Бақылау органы - Тексеру комиссиясы;

20-бап. Қауымдастық құрылтайшыларының Жалпы Жиналысы

1. Қауымдастықтың Жалпы Жиналысы оның жоғары органы болып саналады, оны Қауымдастық Кеңесі жылына бір рет жинайды. Соңғы екі Жалпы жиналыстың арасындағы уақты мерзімі он бес күнтізбелік айдан асып кете алмайды.

2. Қауымдастық Кеңесі Жалпы Жиналыс шақырудың уақыты жөнінде шешім қабылдайды. Қауымдастықтың Жалпы Жиналысын өткізу жөніндегі құлақтандыруды Дирекция Қауымдастық мүшелеріне жазбаша түрде жібереді. Бұл құлақтандыру Жалпы Жиналыс өткізілетін күнге дейін 4 апта бұрын жолдануы тиіс және онда күн тәртібі көрсетілуі керек.

3. Қауымдастықтың Жалпы Жиналысында сенімхатсыз уәкілдік етіп, қаралатын мәселелер жөнінде Бірінші басшылар және/немесе Қауымдастық мүшелерінен бірінші басшылардың орынбасарлары дауыс бере алады. Қауымдастық мүшелері атынан уәкілдік ететін басқа адамдар Жалпы жиналыстың жұмысына Дирекцияға ұсынылатын тиісті сенімхат негізінде қатысады.

4. Қауымдастық Дирекция қызметкерлері Қауымдастықтың Жалпы Жиналысынның жұмысына күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру құқынсыз қатысады.

5. Қауымдастықтың Жалпы Жиналысына Қауымдастық Кеңесінің шешімімен қонақтар шақырыла алады.

6. Қауымдастық мүшелері Жалпы Жиналыс барысында шешім қабылдағысы келетін кез келген ұсыныс Қауымдастық Дирекциясына Жалпы Жиналыс өткізілетін күнге дейін кемі 3 апта бұрын жазбаша түрде ұсынылуы тиіс. Қауымдастық Дирекциясы өз кезегінде әлгіндей ұсыныстарды Жалпы Жиналыс өткізілетін күнге дейін кемі 1 апта бұрын мүшелерге жолдайды.

7. Қауымдастықтың кез келген мүшесі өз даусын Жалпы Жиналыста өз атынан дауыс беру үшін кез келген өзге мүшеге сенімхат арқылы бере алады.

8. Қауымдастықтың Жалпы Жиналысы қарауға шығарылған мәселелер бойынша өзінің жұмысына Қауымдастық мүшелері кемі 1/2 дауыспен қатысқан жағдайда өкілетті деп танылып, шешім қабылдауға құқылы. Егер Жалпы Жиналысқа дауыстардың 1/2 бөлігінен аз адам қатысса, онда араға кемі 3 апта салып және кемі әлгіндей Жалпы Жиналыс шақыру туралы шешім қабылданған 5 аптадан кешіктірмей Қауымдастықтың кезектен (төтенше) Жалпы Жиналысы шақырылады. Бұл Жалпы Жиналыста қабылданатын шешімдер оның жұмысында Қауымдастық мүшелерінің даусы 1/2-нен кем болған жағдайда да күшке ие бола алады.

9. Жиналыс жүргізу үшін Жалпы Жиналыс Төраға мен Хатшы сайлайды.

10. Қауымдастықтың төтенше (кезектен тыс) Жалпы Жиналысы оның құзыретіне кіретін шұғыл мәселелерді шешу үшін:

- Қауымдастық Кеңесінің;

- Қауымдастықтың Тексеру Комиссиясының;

- Қауымдастық мүшелерінің жалпы санының кемі 1/3-ін бөлігін құрайтын Қауымдастық мүшелерінің ынтасы бойынша (талап етуімен) шақырыла алады.

11. Қабылданатын шешім бойынша дауыс санағына бақылау жасау мақсатында Жалпы Жиналыс қатысушылар қатарынан үш адам құрамында Санақ комиссиясын сайлайды.

12. Жалпы Жиналыс шешімдері күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыс беру тәртібін (ашық немесе жасырын) Жалпы Жиналыс кәдімгі көпшілік дауыспен қабылдайды.

13. Жалпы Жиналыс хаттамасын Жалпы Жиналыстың Хатшысы жүргізіп отырады. Қауымдастықтың Жалпы Жиналысының хаттамасында міндетті түрде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- қатысушы Қауымдастық мүшелері мен сенімхатпен қатысушылардың тізімі; шақырылған адамдардың тізімі;

- сайлануы бойынша дауыс беру қорытындысы жөнінде белгі соғылған Жалпы Жиналыс Төрағасының аты-жөні;

- Санақ комиссиясына сайланған адамдардың тізімі;

- күн тәртібі;

- күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шығып сөйлеген адамдар туралы ақпарат және олардың сөйлеген сөздерінің қысқаша мазмұны немесе сөйленген сөз мәтінінің хаттамаға тіркелгендігі туралы белгі;

- күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қабылданған шешімдер және дауыс беру қорытындылары.

14. Қауымдастықтың Жалпы Жиналысының хаттамасы және оның қаулылары оған Қауымдастықтың Жалпы Жиналысының Төрағасы және Хатшысы қол қойған жағдайда ғана жарамды деп саналады.

15. Жалпы Жиналыстың шешімімен келіспейтін Жалпы Жиналысқа қатысушылар мәжіліс хаттамасына өздерінің айрықша пікірі түсірілуін талап етуге құқылы.

16. Жалпы Жиналыс мәжілістерінің хаттамасы сақталуға және Қауымдастық мүшелеріне олардың талап етуі бойынша Қауымдастық қызметінің бүкіл мерзімі бойында берілуі тиіс.

21-бап. Қауымдастық Жалпы Жиналысының құзыреті

1. Жалпы Жиналыс Қауымдастық қызметіне қатысты кез келген мәселені талқылап, сол бойынша шешім қабылдауға құқылы.

2. Қауымдастықтың Жалпы Жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелерді шешу кіреді:

- Қауымдастық Жарғысын және оған енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;

- Қауымдастықтың басқару органдарының құзыретін, ұйымдық құрылымын, өкілеттілігін жасақтау және доғару тәртібін белгілеу;

- Қауымдастық Кеңесін, Тексеру комиссиясын сайлау;

- Қауымдастықты ерікті түрде тарату немесе қайта құру, осыған байланысты тарату комиссиясын тағайындау;

- Қауымдастықтың негізгі бағыттарын және қызмет бағдарламасын бекіту;

- Атқару органдарының қаржы есептерін ұсыну тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ Тексеру комиссиясын тексеруден өткізу тәртібін белгілеу және олардың нәтижесін бекіту;

- Қауымдастық Кеңесінің есепті мерзім ішіндегі қызметі жөніндегі есеп берулерді және Қауымдастықтың Тексеру комиссиясының қорытындыларын бекіту;

- Кеңестің Қауымдастыққа мүше қабылдау және Қауымдастықтан шығару туралы шешімдерін бекіту, Қауымдастық мүшелерінің шағымдарын қарау;

- Қауымдастықтың басқа заңды ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуы жөнінде, сондай-ақ Қауымдастықтың филиалдары мен өкілдіктері жөнінде шешім қабылдау;

- ерікті түрде тарату немесе қайта құру мәселесі туралы шешім, егер оған Қауымдастық мүшелерінің кемі 2/3-і дауыс берген жағдайда қабылданады, басқа мәселелер бойынша шешім кәдімгі көпшілік дауыс беру арқылы қабылданады.

22-бап. Қауымдастық Кеңесі

1. Қауымдастық Кеңесі Қауымдастықтың Жалпы Жиналысы Қауымдастық мүшелері арасынан сайланған басшы қызметкерлері қатарынан сайлайтын оның атқару органы болып саналады. Кеңеске мүше болу Қауымдастық мүшелері өкілдерінің лауазымдық міндеттемелеріне кіреді және ол Қауымдастық бюджеті есебінен төленбейді.

2. Қауымдастық Кеңесі Қауымдастықтың Жалпы Жиналыстары арасындағы мерзім ішінде Қауымдастықтың қызметіне басшылық жасайды.

3. Кеңес мүшелері 3 жыл мерзімге дейін сайланады. Кеңестің сандық құрамын Жалпы Жиналыс бекітеді. Кеңес мүшелері болып тек Қауымдастық мүшелерінің өкілдері сайланады.

4. Қауымдастықтың кез келген мүшесі Кеңес құрамына өзінің бір өкілін ұсынуға құқылы. Кеңес құрамына сайлануға өкіл ұсыну туралы Қауымдастық Дирекциясына Жалпы Жиналыс өткізудің белгілеген мерзіміне дейін 3 апта қалғанша жазбаша түрде хабарланады. Жалпы Жиналысқа қатысушы Қауымдастық мүшелерінің неғұрлым көп дауыс санын жинаған Қауымдастық мүшелерінің өкілдері Кеңес мүшелігіне сайланды деп есептеледі.

5. Қауымдастық мүшелігі құрамынан шыққан жағдайда өкілі шығып кеткен Қауымдастық мүшесі өзге кандидат ұсынады, оны Қауымдастық Кеңесі Жалпы Жиналысында одан әрі бекітетіндей етіп сайлайды.

6. Өкілі кеңес мүшесі болып саналатын Қауымдастық мүшесі таратылған немесе қайта құрылған жағдайда Кеңес өз құрамына кейін Жалпы Жиналыста бекітілетіндей етіп Қауымдастықтың өзге мүшелері өкілдерін сайлайды.

7. Жалпы Жиналыстар арасындағы мерзім ішінде Қауымдастық Кеңесі өз шешімімен өз құрамынан шығып кеткендердің орнына жаңа мүше енгізіле немесе Кеңес құрамын аймақтық өкілдер есебінен, бірақ Қауымдастық мүшелерінің жалпы санының 20 процентінен аспайтындай дәрежеде көбейтіле алады.

8. Қауымдастық Кеңесі тоқсанына кемі бір рет жиналады. Кеңес мүшелерін алдағы мәжіліс жөнінде хабардар ету және алдын ала белгіленген күн тәртібін салып жіберу міндеті Қауымдастық Дирекциясына жүктеледі.

9. Кеңестің әрбір мүшесі бір даусқа ғана ие.

10. Қауымдастық Кеңесінің мәжілісі оған кемі Кеңес мүшелерінің 2/3-сі қатысқан жағдайда өкілетті деп танылады және ол талқылауға шығарылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға осы жағдайда ғана құқылы.

11. Қауымдастық Кеңесін Қауымдастық кеңестің әрекет ету мерзіміне арнап сайлайтын Президент басқарады. Президент Қауымдастық Кеңесінің күнделікті жұмысын үйлестіріп отырады, Қауымдастық Кеңесінің мәжілісін басқарады, тиісті регламенттердің орындалуын үйлестіреді.

12. Қауымдастықтың күнделікті қызметін жүргізу және белгілі бір міндеттерін орындау мақсатында Кеңес өз қалауынша Қауымдастық кеңесі мүшелері арасынан кеңестің әрекет ету мерзіміне арнап Вице-президенттер тағайындауға құқылы, олар өз қызметінде Қауымдастықтың Жалпы Жиналысына, Кеңесіне және Президентіне есеп беріп отырады, олардың алдында өздеріне жүктелген атқарымдардың орындалуы бойынша жауап береді. Қауымдастықтың Президенті болмай қалғанда оның міндеттерін Бірінші Вице-Президент атқарады.

13. Қауымдастық мүшелерінің мәжілістерін ұйымдастыру, Кеңес мүшелерін мәжілістің өткізілетіні жөнінде хабардар ету, Кеңес мәжілісінің хаттамасын жүргізіп отыру ісін Қауымдастық Дирекциясы жүзеге асырады.

14. Кеңес мәжілісінің шешімдері күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша ашық не жасырын түрде кәдімгі көпшілік дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда Қауымдастық Президентінің даусы немесе басқа бір мәжіліске Төрағалық етушінің даусы шешуші дауыс болып саналады. Қауымдастық президенті Кеңес шешімі осы Жарғыға қайшы келіп, Қауымдастыққа немесе оның мүшелеріне залал тигізетін болса оған тыйым салуға құқылы. Президент Кеңес мәжілісінің қарауына бұрын шешім қабылданбаған мәселені қайта шығаруға құқылы. Президент тыйым салған шешім қайта дауыс беру арқылы қабылданған жағдайда немесе Президент ұсынған мәселе бойынша шешім қабылдау екі реттен артық кейінге қалдырылған жағдайда Президент Кеңесті таратып жіберу және Қауымдастық кеңесінің жаңа құрамын сайлау үшін Қауымдастықтың кезектен тыс Жалпы Жиналысын шақыру жөнінде шешім қабылдауға құқылы.

15. Қауымдастық Кеңесі мәжілісінің хаттамасында міндетті түрде мына мәліметтер болуы тиіс:

- қатысқан Кеңес мүшелерінің тізімі;
- шақырылған адамдардың тізімі;
- Мәжіліс Төрағасының және Хатшысының аты-жөні;
- күн тәртібі;
- күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шығып сөйлеген адамдардың аты-жөні және олардың сөйлеген сөздерінің қысқаша мазмұны не сөйлеген сөз мәтіні хаттамаға тіркелгендігі туралы белгі;
- күн тәртібіндегі мәселелер бойынша берілген дауыс нәтижелері;
- қаралған мәселелер бойынша қабылданған кеңес шешімдері.

16. Қауымдастық Кеңесі мәжілістерінің хаттамалары оларға мәжілістің Төрағасы мен Хатшысы қол қойған жағдайда жарамды деп саналады.

17. Кеңестің шешімімен келіспейтін Кеңес мүшелері мәжіліс хаттамасына өздерінің айрықша пікірлерін жазып қоюды талап етуге құқылы.

18. Кеңес мәжілістерінің хаттамалары сақталуы және Қауымдастық мүшелерінің алғаш талап етуі бойынша оларға Қауымдастық қызметінің бүкіл мерзімі бойында берілуі тиіс.

19. Кеңес мәжілісі хаттамасын сапалы жүргізу және оның дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында хаттама келесі мәжілістен кешіктірмей тексеру және бақылап барып қол қою мақсатында Кеңес мүшелеріне ұсынылуы тиіс.

23-бап. Қауымдастық Кеңесінің құзыреті

1. Қауымдастық Кеңесі Жалпы Жиналыстың айрықша құзыретіне енгізілген мәселелерден басқа Қауымдастық қызметіне қатысты бүкіл мәселе бойынша шешім қабылдауға және шешім шығаруға өкілетті.

2. Қауымдастық Кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелерді шешу кіреді:

- Жарғы жобасын, Қауымдастық органдары қызметінің бағдарламаларын, қаржылық және басқа есеп берулерін қуаттау;
 - Қауымдастықтың Президентін сайлау және Вице президенттерін тағайындау;
 - Қауымдастықтың жылдық бюджетін бекіту;
 - Дирекцияның есептік мерзімдегі Қауымдастық қызметі жөніндегі есеп берулерін бекіту;
 - Қауымдастыққа мүше қабылдау және оның құрамынан шығару мәселелерін қарап шешу;
 - Қауымдастық мүшелерінің кіру, мүшелік жарналарды, сондай-ақ мақсатты бағдарламаларды қаржыландыруға арналған арнаулы жарналардың мөлшері мен төлеу тәртібін бекіту;
 - Қауымдастық қызметін реттеуші құжаттарын бекіту;
 - Қауымдастық Дирекциясының штат кестесін бекіту;
 - Атқарушы Директорды тағайындау және Атқарушы Директор атқарымын орындағаны үшін берілетін сыйақыны белгілеу.
3. Кеңестің шешімі қаулы түрінде жүзге асырылады.

24-бап. Қауымдастықтың Президенті

1. Президент Қауымдастықтың басшысы болып сайланады және ол Қауымдастық мүшелері қатарынан Қауымдастық Кеңесінің әрекет ету мерзіміне Қауымдастық Кеңесі тарапынан сайланады.
2. Қауымдастық Президенті:
 - мемлекеттік билік және басқа органдарымен, банктермен, шетел және халықаралық ұйымдармен арадағы қарым-қатынаста Қауымдастық атынан сенімхатсыз уәкілдік етеді;
 - Қауымдастық атынан келісімдерге және келісім-шарттарға қол қояды;
 - Қауымдастық атынан есепшот ашуға және құжаттарға қол қоюға өкілетті Қауымдастықтың уәкілетті адамдарын белгілейді;
 - Кеңестің тағайындауына Қауымдастықтың Вице-Президенттерінің кандидатурасын ұсынады;
 - Кеңес қаулысымен қабылданған Қауымдастықтың штат кестесін бекітеді.
3. Қауымдастық Президенті өз шешімдерін өкім түрінде жүзеге асырады.

25-бап. Қауымдастықтың Тексеру комиссиясы

1. Тексеру комиссиясы Қауымдастықтың қаржылық қызметіне бақылау жасайтын орган болып саналады, оны Төраға және екі мүше құрамында үш жыл мерзімге Жалпы Жиналыс сайлайды.
2. Тексеру комиссиясы құрамына Қауымдастық кеңесі мүшелері және қызметкерлер құрамының қызметкерлері сайлана алмайды.
3. Қауымдастықтың қаржылық қызметіне тексеруді Тексеру комиссиясы өз ынтасымен де, Жалпы Жиналыстың не Қауымдастық кеңесінің тапсыруы бойынша да жүргізеді.
4. Қауымдастық қызметкерлері Тексеру комиссиясына оның алғашқы талап етуі бойынша бүкіл қажет материалдарды, бухгалтерлік және өзге де құжаттарды және жеке түсініктерді беруге міндетті.
5. Тексеру комиссиясы Қауымдастық Кеңесіне қажет жағдайда кемшілікті түзеу жөніндегі ұсыныс-пікірлер қоса берілетін өткізілген тексеру жөніндегі есеп берулер ұсынады.
6. Тексеру комиссиясы Кеңес бекіткен Қауымдастықтың жылдық бюджеттеріне, балансқа және Қауымдастықтағы нақты іс жағдайы бойынша кіріс пен шығыстың сәйкестігі жөнінде Құрылтайшылардың Жалпы Жиналысына арнап қорытынды әзірлейді.
7. Қауымдастық өзінің қаржы-шаруашылық қызметіне тексеруді өз күшімен немесе кемі жылына бір рет тәуелсіз аудиторлар тарту арқылы жүргізуге міндетті.

V-Бөлім.

Қауымдастықтың дүние-мүлкі

26-бап. Қауымдастықтың дүние-мүлкінің құралу көздері

1. Қауымдастықтың дүние-мүлкі:
 - Қауымдастық мүшелерінің кіру және мүшелік жарналары;
 - Қауымдастық мүшелері өздерінің басшы органдарының және басқа да ұйымдардың шешімімен Қауымдастықтың жекелеген жобаларын жүзеге асыру және ортақ шара жүргізу мақсатында берген ақшалай каражат және дүние-мүлік;
 - заңды ұйымдар мен жеке адамдардың ерікті мүліктік жарналары мен жылуы;
 - акциялар, облигациялар, өзге де құнды қағаздар мен салымдар (депозиттер) бойынша алынған дивидендтер (табыс), сыйақы (мүдде);
 - заңмен белгіленген жағдайларда тауар, жұмыс, қызмет өткізуден түскен түсім (табыс);
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздерден құралады.
2. Қауымдастық мүшелерінің Қауымдастық дүние-мүлкін жасақтауға заттай және ақшадан басқа өзге пішімдерде салған салымдары Қауымдастықтың барлық мүшесінің келісімімен ақша түрінде бағаланады. Егер әлгіндей салымның құны жиырма мың айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне тең сомдан асып кететін болса, оны бағалау тәуелсіз аудитор тарапынан расталуы тиіс.

3. Қауымдастық меншігі болып саналатын дүние-мүлік оның мүшелері арасында, соның ішінде ауымдастық мүшелері құрамынан шыққан кезде немесе шығарылған жағдайда бөліне алмайды.

VI-Бөлім.

Қауымдастық қызметінің доғарылуы

27-бап. Қауымдастық қызметінің доғарылуы

1. Қауымдастық қызметі оны қайта құру немесе тарату түрінде доғарылады.
2. Қауымдастық Жалпы Жиналыстың шешімімен ерікті түрде не болмаса заңды күшіне енген сот шешімі негізінде ықтиярсыз таратыла алады.
3. Қауымдастық ерікті түрде таратылған жағдайда Қауымдастық Дирекциясы Қауымдастықтың Жалпы Жиналысының шешімі негізінде бұл жөнінде заңды ұйымдарды тіркеу ісімен айналысатын әділет органын дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.
4. Қауымдастықтың Жалпы Жиналысы тарату комиссиясын тағайындайды және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қауымдастықты таратудың тәртібі мен мерзімін белгілейді.
5. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен оған Қауымдастықтың дүние-мүлкіне және ісіне иелік ету өкілеттіліктері көшеді. Тарату комиссиясы таратылатын Қауымдастық атынан сотта уәкілдік етеді.
6. Тарату комиссиясы қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қауымдастықты тарату процедурасын іске асырады.
7. Кредиторлар алдындағы бүкіл міндеттемелерін азаматтық заңнамада көзделген тәртіпте және кезектілікті сақтай отырып атқарған соң Тарату комиссиясы тарату балансын жасайды, оны Қауымдастықтың Жалпы Жиналысы бекітеді.
8. Қауымдастық таратылған жағдайда кредиторлардың талап-тілегін қанағаттандырудан соң қалған дүние-мүлік құрылтай құжаттарында көрсетілген мақсаттарға жұмсалады.
9. Заңды ұйымдардың мемлекеттік атауы тізіміне тиісті жазба түскеннен кейін Қауымдастықты тарату аяқталды, ал Қауымдастық қызметін доғарды деп саналады.

“Қазақстан Республикасы жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі
кәсіпорындарының қауымдастығы”
ЗТБ Президенті
Мугынов С.С.

